

«БЕКІТЕМІН»

Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университетінің
Президенті _____ У.С.Абдибеков
«___» _____ 201__ ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ
УЕ-ХҚТУ-027-2014

**КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ БОЙЫНША
БАКАЛАВРИАТТА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУДЫ
ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӨТКІЗУ ЕРЕЖЕСІ**

АЛҒЫ СӨЗ

1. Академиялық мәселелер жөніндегі департаментпен
ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ
2. Өзірлеген – Департамент директоры Н.Орманов
Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімінің бастығы
М.М.Мирзахметов
3. Келісілді – Оқу-әдістемелік ісі бойынша вице-президент
Б.Б.Ахметов
– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының
бастығы Е.Шахабаев
– Құқық және экономикалық қадағалау департаментінің
директоры А.Абсеметов
4. ЕНГІЗІЛДІ – 2014
5. Тексеру мерзімі – 2016

Қызмет қолданыс үшін басылым

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 2 –ші беті

МАЗМҰНЫ

1. Қолданылу саласы	3
2. Нормативті сілтемелер	3
3. Атаулар, анықтамалар және қысқартулар	3
4. Жалпы ережелер	3
5. Мемлекеттік емтихандарды өткізу тәртібі	3
6. Диплом жұмысын қорғауды өткізу тәртібі	5
7. Үлгілер	6
8. Жауапкершілік және өкілеттілік	16
9. Өзгерістерді енгізу тәртібі	16
10. Келісу, сақтау және тарату	16
Қосымшалар	17
А. Танысу парағы	17
Б. Өзгерістерді енгізу тәртібі	18

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 3 –ші беті

1 ҚОЛДАНЫЛУ САЛАСЫ

1.1 Бұл ереже Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде (бұдан әрі - университет) кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптарды анықтайды.

1.2 Бұл ереже университетте кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптарды жүзеге асыруда негізгі құжат болып табылады.

1.3 Университеттің осы ережесі, кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын талаптар мамандық даярлауды жүзеге асыратын құрылымдарда міндетті түрде енгізілуі және орындалуы тиіс.

1.4 УЕ ХҚТУ-027-2014 ережесі университет СМЖ құжаттарының құрамына кіреді.

2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

2.1 Осы ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер жасалынған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы;
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» (2010 жылдың 13 сәуіріндегі №168, 2011 жылдың 16 наурызындағы №94 өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес жасалғаны);

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген, «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі»;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты»;

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 Қаулысымен бекітілген «Жоғары білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары»;

- Университет Жарғысы;

- Регламенттер;

- ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 Құжаттаманы басқару;

- ҚП ХҚТУ-4.2.4-2009 Жазбаларды басқару;

- УС-ХҚТУ-022-2014 Мамандықтар мен пәндердің оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы, мазмұны, дайындау және бекіту тәртібі;

- УЕ-ХҚТУ-030-2014 Мамандық бойынша білім беру бағдарламаларының педагогикалық стратегиясын әзірлеу ережесі;

- ЖН-СМЖ-065-2013 Мамандықтың негізгі оқу жоспарын дайындау;

- УЕ-ХҚТУ-013-2014 Модульдер (пәндер) каталогін әзірлеу ережесі;

- УЕ-ХҚТУ-028-2014 Пәннің жұмыс бағдарламасын әзірлеу ережесі.

3 АТАУЛАР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

3.1 Университеттің осы ережесінде төмендегі атаулар, анықтамалар және қысқартулар қолданылады:

Университет – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті;

Ереже – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру мен өткізу ережесі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 4 –ші беті

ҚР	– Қазақстан Республикасы;
МАК	– Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы;
МЖМБС	– Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;
ҚР МЖМБС	- Қазақстан Республикасы мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты;
СМЖ	- Сапа менеджменті жүйесі.
УЕ	– университет ережесі;
Департамент	– Академиялық мәселелер жөніндегі департамент;
АРСБ	– Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасы.

4 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау академиялық күнтізбемен және жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған мерзімдерде өткізіледі.

4.2 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау МЖМБС белгіленген нысандары бойынша өткізіледі.

4.3 Қорытынды аттестаттау ұзақтығы кем дегенде 4 апта мерзімінде белгіленеді.

4.4 Дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі университет басшысының бұйрығымен тақырыптың атауы көрсетіле отырып, әр білім алушыға дербес бекітіледі.

Дипломдық жобалардың (жұмыстардың) рецензенттері университет басшысының бұйрығымен жұмыс орындары және лауазымы көрсетілген маман дайындайтын кафедра меңгерушісінің ұсынысы бойынша жалпы тізіммен бекітіледі.

4.5 Дипломдық жұмыстың тақырыбы мен мазмұны, құрылымы және безендірілуі, жазылу тәртібіне қойылатын талаптар МЖМБС белгілеген ереже бойынша қойылады.

4.6 Қорытынды аттестаттаудан өткен және оқу бағдарламасын толық меңгергендігін дәлелдеген білім алушыға МАК шешімімен «бакалавр» академиялық дәрежесі және/немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен беріледі.

4.7 Университет басшысы уәкілетті органға ағымдағы жылдың 1-ші қарашасына дейін бітіруші практикалық тәжірибесі бар мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін жетекші профессорлардың, доценттердің, ғалымдардың, оқытушылардың, өндіріс жоғары білікті мамандарының және мұғалімдердің арасынан МАК төрағалары кандидатураларын ұсынады.

МАК төрағасы ағымдағы оқу жылының 20-желтоқсанына дейін ҚР БҒМ бұйрығымен бір күнтізбелік жылға бекітіледі.

4.8 МАК құрамына оның мүшелері құқығымен: факультет деканы (институт директоры) немесе маман дайындайтын кафедраның меңгерушісі кіреді.

МАК-тың басқа мүшелері бітіруші мамандардың тиісті бейініне сәйкес келетін профессорлардан, доценттерден, жоғары білікті мамандардан құрылады.

4.9 МАК сандық құрамын мамандық бойынша бітіріп шығатын білім алушылардың контингентіне сәйкес жоғары оқу орны өз бетінше белгілейді және университет басшысының бұйрығымен жыл сайын 31-желтоқсанан кешіктірмей бекітеді.

4.10 Білім алушылар оқу жоспары мен барлық оқу нысандарына арналған бірыңғай оқу бағдарламаларына сәйкес барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырулары және дипломдық жобаларын (жұмыстарын) қорғаулары қажет.

4.11 Мамандық бойынша мемлекеттік емтиханды мемлекеттік жалпыға бірдей жоғары білім стандарттарына сәйкес барлық бітіруші курс білім алушылары тапсырады.

4.12 Қорытынды аттестаттауға жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес білім алу үдерісін толық аяқтаған білім алушылар жіберіледі.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 5 –ші беті

4.13 Бакалавриат білім алушысы мынадай себептермен дипломдық жұмысын (жобасын) қорғаудың орынына білім беру бағдарламасына сәйкес мамандықтың бейінді пәндері бойынша екі мемлекеттік емтихан тапсыра алады:

- 1) Медициналық анықтама негізінде, денсаулығына байланысты, бір айдан астам мерзімде стационарлық емдеуде болса;
- 2) Туу туралы куәлігі негізінде, 3-жасқа дейінгі тәрбиелеп отырған баласы болса;
- 3) ата-аналарының денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтамасының негізінде ауру ата-анасын күтуші;
- 4) Мүгедектігі жайлы медициналық анықтама негізінде, мүмкіндігі шектеулі мүгедек болса.

Осыған орай білім алушы университет президентінің атына өтініш жазады және қажетті құжаттар тапсырады. Ал басқа жағдайларда дипломдық жоба (жұмыс) мемлекеттік емтихан тапсырумен ауыстырылуына рұқсат етілмейді.

Бұл жағдайда мемлекеттік емтихандар тізбесі маман дайындаушы кафедраның шешімімен бекітіледі.

4.14 Білім алу үдерісі аяқталуының негізгі өлшемі болып білім алушылардың жоғары білім мамандықтарына арналған МЖМБС талаптарына сәйкес келетін оқытудың теориялық курсы мен кәсіби практикалардың қажетті көлемін меңгеруі саналады.

4.15 Бітіруші курс білім алушысы жұмыс және жеке оқу жоспары талаптарын және оқу жұмыс бағдарламасын орындамаса, оқу курсына қайта оқуға қалдырылады. Бітіруші курс білім алушылары үшін жазғы семестр ұйымдастырылмайды.

4.16 Білім алушыларды қорытынды мемлекеттік аттестаттауға жіберу білім алушылардың тізімі бойынша қорытынды аттестаттауға дейін 2 аптадан кешіктірмей факультет деканының өкімімен рәсімделіп, МАК-қа ұсынылады.

4.17 МАК-қа жұмыс және жеке оқу жоспары мен жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес білім алу үдерісін толық аяқтағандықтан, тиісті кредит санын жинаған және кафедрада алдын ала қорғаудан өткен білім алушылар жіберіледі.

5 МЕМЛЕКЕТТІК ЕМТИХАНДАРДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1 МАК жұмысының кестесін құру офис регистратор бөлімі мен тиісті деканатқа жүктелінеді. МАК-ның жұмыс кестесін университет президенті бекітеді және мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы басталғанға дейін 2 апта қалғанда факультеттердің назарына жеткізіледі. МАК отырысының ұзақтығы күніне 6 академиялық сағаттан аспауы тиіс және күніне емтихан тапсыруға 12-15 адамнан артық жіберілмеу керек.

5.2 Мамандық бойынша Мемлекеттік емтихан бағдарламасы факультет ғылыми кеңесінде бекітіледі.

5.3 МАК отырысының хаттамалары осы Ереженің 1-4-қосымшаларына сәйкес МАК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық мәселелер жөніндегі департамент мөрімен бекітіледі. МАК-ның отырысы оның мүшелерінің жартысынан көбі қатысқан жағдайда ашық деп жарияланады.

5.4 МАК отырысының хаттамалары әр білім алушыға жеке толтырылады. Мемлекеттік емтихан тест формасында өткізілген жағдайда, хаттама толтыруға емтихан ведомості негіз болып табылады.

5.5 Хаттаманы маман дайындайтын кафедра оқытушылары арасынан комиссия құрамына бекітілген МАК хатшысы толтырады.

5.6 Хаттамаға мемлекеттік емтихандарда анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер МАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазуға және өзі қол қоюға құқығы бар.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 6 –ші беті

5.7 Хаттамаға МАК-тың төрағасы мен отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды.

5.8 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген білім алушы МАК төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен осы МАК-тың басқа отырысы болған күні емтихан тапсыруына болады.

5.9 Мемлекеттік емтиханның қорытындысы тапсырылған күні жарияланады.

5.10 Білім алушы қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей апелляцияға беруіне болады.

5.11 Апелляция өткізу үшін университет басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

5.12 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МАК мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға _____ № _____ хаттамамен қайта қаралды _____ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған МАК мүшелерінің бәрі қол қояды.

5.13 Денсаулық жағдайы туралы МАК-ға ұсынылған құжаттар «қанағаттанарлықсыз» баға алғаннан кейін қарастырылмайды.

5.14 Бағаны жоғарылату мақсатында мемлекеттік емтиханды қайта тапсыруға рұқсат берілмейді.

5.15 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға мемлекеттік емтихандарды қайта тапсыруға қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

5.16 МАК жұмысы біткеннен кейін барлық хаттамалар университет мұрағатына сақтауға тапсырылады.

6 ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫН ҚОРҒАУДЫ ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

6.1 Диплом жұмысы (жобасы) қорғалуына дейін бес күннен кешіктірілмей МАК-қа мынадай құжаттар ұсынылады:

- білім алушының жеке оқу жоспарындағы барлық орындалған пәндері мен ондағы бағалары көрсетілген факультет деканының анықтамасы;

- диплом жұмысы (жобасы) ғылыми жетекшісінің «қорғауға жіберіледі» немесе «қорғауға жіберілмейді» деген дәлелденген қорытындысы бар пікірі;

- диплом жұмысын (жобасын) қорғауға берілген жан-жақты мінездемесі («өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз») және бағалар көрсетілген дәлелденген қорытындысы және тиісті мамандығы бойынша бакалавр академиялық дәрежесін және/немесе біліктілігін беру туралы рецензия.

6.2 Дипломдық жұмыстарды (жобаларды) плагиаттық мәніне қатысты тексеру тиісті деканаттармен жүргізіледі.

6.3 МАК-қа сондай-ақ орындалған дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми және практикалық құндылықтарын сипаттайтын басқа да материалдар, ресми емес пікірлер, диплом жұмысының (жобаның) бейіні бойынша практикалық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жазбаша қорытындысы, ғылыми зерттеу нәтижелерін енгізу анықтамалары немесе актілері, макеттер, минералдар жинағы, гербарий және тағы сол сияқты басқа да материалдар ұсынылуы мүмкін.

6.4 Ғылыми жетекшісінің оң пікірі және қорғауға ұсынылатын жұмыс бейініне сай келетін маман тарапынан бір рецензиясы болғанда білім алушы диплом жұмысын (жобасын) қорғауға шыға алады.

6.5 Егер ғылыми жетекші «қорғауға жіберілмейді» деген қорытынды берген жағдайда, білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) қорғай алмайды.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 7 –ші беті

Білім алушы рецензент қандай пікір (оң, теріс) берсе де дипломдық жұмысты (жобаны) қорғай алады.

6.6 Қорғауға кафедрада алдын ала қорғаудан өткен, жұмысы толық аяқталған және ғылыми жетекші мен кафедра меңгерушісі қол қойған жұмыстар ғана жіберіледі.

6.7 Диплом жұмысын қорғауға күніне 7-10 адамнан артық жіберілмейді.

6.8 МАК-тың барлық отырыстары хаттамамен ресімделеді.

6.9 МАК отырысының хаттамалары осы Ереженің 2-3-қосымшаларына сәйкес МАК жұмысы басталғанға дейін А4 форматында жеке кітапшада нөмірленіп, бумаланады және Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі) мөрмен бекітіледі.

6.10 МАК отырысының хаттамалары әр білім алушыға жеке толтырылады.

6.11 Хаттаманы бітіртуші кафедра оқытушылары арасынан комиссия құрамына бекітілген МАК хатшысы толтырады.

6.12 Хаттамаға диплом жұмысын (жобасын) қорғауда анықталған білімдердің бағалары енгізіледі, сондай-ақ берілген сұрақтар мен МАК мүшелерінің пікірлері жазылады. Егер МАК-тың бір мүшесінің пікірі комиссияның қалған мүшелерінің пікірлерімен сәйкес келмеген жағдайда, ол өз пікірін хаттамаға жазуға және өзі қол қоюға құқығы бар.

Хаттамада «бакалавр» академиялық дәрежесін және немесе біліктілік беру сондай-ақ білім алушыға қандай диплом (үздік немесе үздік емес) берілетіні көрсетіледі.

6.13 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау бағалары туралы, сондай-ақ, академиялық дәреже тағайындау және біліктілік беру немесе және мемлекеттік үлгідегі (үздік емес, үздік) диплом беру туралы шешім МАК мүшелерінің отырысына қатысушылардың көпшілік дауысымен жабық отырыста ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар саны тең болған жағдайда МАК төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

6.14 Хаттамаға МАК-тың төрағасы мен отырысқа қатысушы мүшелері қол қояды.

6.15 Диплом жұмысын бағалауда ғылыми жетекші мен рецензенттің сын-пікірі және бітірушінің теориялық, ғылыми және тәжірибелік дайындығының деңгейі ескеріледі.

6.16 Диплом жұмысын қорғаудың нәтижесі өткізілген күні жарияланады.

6.17 Қорытынды аттестаттауға бекітілген кестеге сәйкес дәлелді себеппен келмеген білім алушы МАК төрағасының атына өтініш жазады, дәлелді себепті растайтын құжатты ұсынады және оның рұқсатымен дипломдық жұмысты (жобаны) осы МАК-тың басқа отырысы болған күні қорғауына болады.

6.18 Білім алушы қорытынды аттестаттаудың нәтижелерімен келіспесе, аттестаттау өткізілгеннен кейінгі жұмыс күннен кешіктірмей апелляция беруіне болады.

6.19 Апелляция өткізу үшін университет басшысының бұйрығымен біліктілігі аталған мамандықтың бейініне сәйкес келетін тәжірибелі оқытушылардан апелляциялық комиссия құрылады.

6.20 Апелляция қанағаттанарлық болған жағдайда МАК-сы мәжілісінің хаттамасы қайтадан ресімделеді. Мұндай жағдайда бірінші хаттамадағы қорытынды «Баға _____ № _____ хаттамамен қайта қаралды _____ бет» деген жазумен өзгертіледі және оған МАК-сы мүшелерінің бәрі қол қояды.

6.21 Бағаны жоғарылату мақсатында дипломдық жұмысты (жобаны) қайта қорғауға рұқсат берілмейді.

6.22 «Қанағаттанарлықсыз» деген баға алған тұлғаларға диплом жобасын (жұмысын) қайта қорғауға, қорытынды аттестаттаудың осы кезеңінде рұқсат берілмейді.

6.23 Диплом жұмысын (жобасын) қорғау «қанағаттанарлықсыз» деп есептелген жағдайда, МАК сол жұмысты комиссия анықтаған пысықтаулармен қайтадан қорғауға ұсынуға немесе жаңа тақырыпты әзірлеуге мүмкіндік береді. МАК-ның бұл шешімі мәжіліс хаттамасына жазылады.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 8 –ші беті

6.24 Білім алушыға қайта ҚА-уы келесі ҚА кезеңінде бұрынғы аттестаттаудан «қанағаттанарлықсыз» баға алған нысандары бойынша ғана өткізіледі.

Сонымен қатар, осы емтихандарды тапсырмаған тұлғалар үшін мемлекеттік емтихандар қатарына енетін пәндер тізбесі, білім алушы теориялық курсты аяқтаған жылы қолданыста болған оқу жоспарымен анықталады.

6.25 Қорытынды аттестаттау нәтижесінде оқудан шығарылған білім алушы бір жыл өткеннен кейін, қорытынды аттестация басталғанға дейін екі аптадан кешікпей, білім беру ұйымының Басшысының атына «қанағаттанарлықсыз» баға алған нысандары бойынша қорытынды аттестацияға жіберілуіне рұқсат алу үшін өтініш жазады.

6.26 Қорытынды аттестаттау кезінде қанағаттанарлықсыз баға алған білім алушылар білімі аяқталмағандығы туралы анықтама беріле отырып, университет басшысының бұйрығымен университеттен шығарылады.

6.27 Денсаулық жағдайы туралы МАК-ға ұсынылған құжаттар қанағаттанарлықсыз баға алғаннан кейін қарастырылмайды.

6.28 Қорытынды аттестаттаудан өткен және оқу бағдарламасын меңгергендігін дәлелдеген білім алушыға МАК шешімімен «бакалавр» академиялық дәрежесі және/немесе сәйкес келетін мамандығы бойынша біліктілік тағайындалып, мемлекеттік үлгідегі диплом қосымшасымен беріледі.

6.29 Дипломға қосымша білім алушының оқу жоспарын орындағаны туралы анықтама негізінде, мемлекеттік жалпыға міндетті жоғары білім стандарттарымен қарастырылған көлемде оның барлық пәндер бойынша алған бағаларына сәйкес тапсырылған курстық жұмыстар (жобалар), практика мен қорытынды аттестаттау нәтижелерінің түрлері негізінде толтырылады.

Диплом қосымшасына әр оқу пәні бойынша көлемі кредит және академиялық сағат түрінде көрсетілген балдық-рейтингтік/әріптік білім бағалау жүйесі бойынша соңғы бағалар жазылады.

6.30 Емтихандар мен сараланған сынақтарды А, А - «өте жақсы», В-, В, В+ - «жақсы» деген бағаға тапсырған және оқытудың барлық кезеңінде үлгерімінің орта балы 3,5-ке тең мемлекеттік емтихан мен диплом жұмысын (жобасын) «өте жақсы» деген бағаға тапсырған білім алушыға үздік диплом (әскери даярлығы бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

6.31 Оқу кезеңінде емтихандарды қайта немесе қайталап тапсыру жағдайы болған білім алушы үздік диплом ала алмайды.

6.32 Қорғау нәтижесі бойынша үздік жұмыстарды МАК баспаға және конкурстарға, ал оның авторларын магистратураға оқуға ұсына алады.

6.33 МАК-тың құзырына төмендегілер кіреді:

- 1) жоғары білім мамандықтары үшін МЖМБС белгілеген талаптарға сай бітіруші мамандардың теориялық және практикалық даярлығы сәйкестігінің деңгейін тексеру;
- 2) тиісті мамандықтары бойынша «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау;
- 3) бітіруші мамандығы бойынша тиісті біліктілік беру;
- 4) жоғары білім туралы диплом беруге шешім қабылдау;
- 5) мамандар даярлау сапасын одан әрі жақсартуға бағытталған ұсыныстар әзірлеу.

6.34 МАК-тың жұмысы аяқталғаннан кейін оның төрағасы есеп жасайды және екі апта мерзім ішінде университет басшысына тапсырады.

6.35 МАК төрағасының есебі университет Сенатында немесе (факультет кеңесінің) отырысында талқыланады және бекітіледі.

6.36 Білім алушыларды қорытынды аттестаттау аяқталғаннан кейін университет бір ай мерзім ішінде білім беру саласындағы уәкілетті органға қорытынды аттестаттау нәтижелерін ұсынады.

6.37 МАК төрағасы есебінде төмендегілер көрсетіледі:

- 1) Университетте осы мамандық бойынша мамандар даярлаудың деңгейі;

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 9 –ші беті

2) білім алушыларды мемлекеттік емтихандарда анықталған білімдерінің сипаты, жекелеген пәндер бойынша мамандар даярлаудың кемшіліктері;

3) диплом жұмысының (жобаның) орындалу сапасы;

4) диплом жұмысын (жобасы) тақырыптарының қазіргі заманғы ғылымның, техниканың, мәдениеттің жай-күйіне және өндірістің талабына сәйкестігі;

5) мамандық бойынша кадрлар даярлау сапасына талдау;

6) Университетте мамандар даярлауды одан әрі жетілдіру жөнінде нақты ұсынымдар.

6.38 МАК төрағасының есебіне жоғары білім бағдарламасын оқып бітірген, білім ұйымының басшысы қол қойып, берілген дипломның нөмірі, тегі, аты, әкесінің аты көрсетілген университетті бітірушілердің тізімі жалғанады.

Ahmet Yasaui University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 10 –ші беті

7 ҮЛГІЛЕР

1-қосымша

**«Қазақстан тарихы» пәні бойынша Мемлекеттік емтихан комиссиясы отырысының
№__ХАТТАМАСЫ**

(әрбір білім алушыға толтырылады)

20__ж. «__» _____ сағ. ____ минуттан ____ сағ. ____ минутке дейін

Қатысқандар: Мемлекеттік емтихан комиссиясының төрағасы _____

(аты-жөні, тегі, ғылыми деңгейі, ғылыми атағы)

_____ (ұйым атауы, атқаратын қызметі)

Комиссия мүшелері: _____

_____ «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтихан тапсыру туралы

1. Емтихан тапсырушы білім алушы _____

(аты-жөні, тегі, мамандығы)

2. Сұрақтар: (тестілеу қорытындылары)

1 _____

2 _____

3 _____

3. Білім алушы _____

(аты-жөні, тегі)

Рұқсат беру рейтингі _____

(жіберілу рейтингі балдық-рейтингтік жүйеде: әріптік

баға, сандық эквивалент, пайыздық құрамы және дәстүрлік баға)

4. Білім алушы _____

(аты-жөні, тегі)

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханды _____ бағасымен тапсырды

(баға әріптік балдық-рейтингтік жүйе бойынша көрсетіледі)

5. Мемлекеттік емтихан комиссиясының ерекше пікірлері _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 11 –ші беті

2-қосымша

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының
(әр білім алушыға толтырылады)
№ ____ ХАТТАМАСЫ

20__ ж. «__» _____ сағ. ____ минуттан ____ сағ. ____ минутке дейін

Қатысқандар: Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының төрағасы _____

____ мамандық немесе пән бойынша мемлекеттік емтиханды тапсыру туралы _____

Емтихан тапсырушы білім алушы _____

Сұрақтар: (пән блоктары бойынша тестілеу нәтижелері)

1. _____

2. _____

3. _____

1. Білім алушы мемлекеттік емтиханды _____ бағасымен тапсырғанын растау _____

(жіберу рейтингі балдық-рейтингтік жүйе бойынша)
2. _____

3. Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы мүшелерінің ерекше пікірлері _____

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 12 –ші беті

3-қосымша

**Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының
№ ____ ХАТТАМАСЫ**

20__ ж. «__» _____ сағ. __ минуттан __ сағ. __ минутке дейін

Білім алушы _____
(аты-жөні, тегі)

_____ тақырыбында жазылған
дипломдық жұмысының қаралуы бойынша _____

Қатысқандар:

Төраға _____
(аты-жөні, тегі)

Мүшелер _____
(аты-жөні, тегі)

_____ (аты-жөні, тегі)

_____ (аты-жөні, тегі)

Дипломдық жоба (жұмыс) _____ кеңесімен

_____ (аты-жөні, тегі)

_____ басшылығымен орындалды

Мемлекеттік аттестаттау комиссиясында келесі мәліметтер қаралды:

1. Дипломдық жұмыс (жоба) бойынша есептік-түсіндірме хат немесе дипломдық жұмыстың (жобаның) _____ бетте жазылған мәтіні;
2. Дипломдық жұмысқа (жобаға) арналған _____ беттегі сызбалар, таблицалар.
3. Дипломдық жобаның (жұмыстың) ғылыми жетекшісінің пікірі.
4. Дипломдық жобаға (жұмысқа) пікір.

Орындалған жұмысты хабарлағаннан кейін білім алушыға _____ мин. ішінде келесі сұрақтар қойылды

1. _____
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

2. _____
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

3. _____
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

4. _____
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 13 –ші беті

5. _____
(сұрақ қоюшының аты-жөні және қойылған сұрағы)

Білім алушының пікір мен қойылған сұрақтарға жауабының жалпы сипаттамасы

Дипломдық жұмысты (жобаны) қорғау барысында білім алушы _____

_____ көрсетті.

Білім алушы дипломдық жұмысты (жобаны) орындап, _____ бағамен қорғады деп есептеу.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері _____

Төраға _____ (колы)

Комиссия мүшелері _____ (колдары)

мүшелері _____ (колдары)

мүшелері _____ (колдары)

мүшелері _____ (колдары)

Хатшы _____ (колы)

Ахмет Ясауи

University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 14 –ші беті

4-қосымша

**Мемлекеттік аттестаттау комиссиясы отырысының
№ ____ ХАТТАМАСЫ**

20__ ж. «__» _____ сағ. _____ минуттан _____ сағ. _____ минутке дейін барлық мемлекеттік емтихандарды тапсырған, дипломдық жұмысты (жобаны) қорғаған білім алушыға біліктілігі мен (немесе) «Бакалавр» академиялық дәрежесін беру туралы.

Қатысқандар:

Төраға _____
(аты-жөні, тегі)

Мүшелер _____
(аты-жөні, тегі)

_____ (аты-жөні, тегі)

Білім алушы _____
(аты-жөні, тегі, мамандығы)

Мемлекеттік емтихандарды тапсырды және дипломдық жұмысты (жобаны) келесі бағамен қорғады: _____

(пән атауы, дипломдық жобаның (жұмыстың) түрі, баға, тапсыру күні)

Мамандық бойынша оқу жоспарындағы барлық мемлекеттік емтихандар мен бітіру жұмысын қорғады.

_____ біліктілігі мен (немесе) «бакалавр» академиялық дәрежесін тағайындау

_____ екенін ескеру керек.

Комиссия мүшелерінің ерекше пікірлері _____

Диплом беру (ерекше, ерекше емес).

Төраға _____ (қолы)

Комиссия мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

мүшелері _____ (қолдары)

Хатшы _____ (қолы)

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 15 –ші беті

5-қосымша

Бітіруші курстардың мемлекеттік емтихан билеттерінің рәсімделу формасы

Қ.А.ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ

Факультет _____

Мамандық бойынша мемлекеттік емтихан _____
(Пән бойынша мемлекеттік емтихан) _____

Факультет Ғылыми Кеңесінің
отырысында бекітілді.
«___»20__ ж. №__хаттама

№___ билет

1. _____
2. _____
3. _____

Факультет деканы: _____ (Аты-жөні)
(қолы)

МАК Төрағасы: _____ (Аты-жөні)
(қолы)

Abmet Yasaui University

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті		УЕ-ХҚТУ-027-2014
Сапа менеджментінің жүйесі	Университет ережесі	
Кредиттік оқыту технологиясы бойынша бакалавриатта қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу ережесі		18 беттің 16 –ші беті

8. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІЛІК

2.1 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университетінің Басқару кеңесінде талқыланады.

2.2 Университеттің осы ережесі Ахмет Ясауи университеті президенті – Басқару кеңесі төрағасы тарапынан бекітіледі.

2.3 Университеттің осы ережесі талаптарының енгізілуіне Академиялық мәселер жөніндегі департамент директоры жауапты болып табылады.

2.4 Университеттің осы ережесі талаптарының орындалуын оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент қадағалайды.

9. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЕНГІЗУ ТӘРТІБІ

9.1 Университеттің осы ережесін басқару және оған өзгерістер енгізу ҚП ХҚТУ-4.2.3-2009 сәйкес жүзеге асады.

9.2 СМЖ құжатына енгізілген өзгерістер «өзгерістерді тіркеу қағазында» тіркелуі тиіс (Қосымша Б).

10. КЕЛІСУ, САҚТАУ ЖӘНЕ ТАРАТУ

10.1 Осы университет ережесінің жұмыс данасын сақтау, тираждау және қолданушыларға жіберу жауапкершілігі Академиялық мәселелер жөніндегі департаментке жүктеледі. Осы университет ережесінің жұмыс нұсқалары қажетті заңды және жеке тұлғаларға жіберіледі.

КЕЛІСІЛДІ:

Оқу-әдістемелік ісі жөніндегі вице-президент

Б.Б.Ахметов

Аккредитация, рейтинг және сапа басқармасының бастығы

Е.Ш.Шахабаев

Құқықтық және экономикалық қадағалау департаментінің директоры

А.Абсеметов

